

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 21 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бір топ Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Закон разработан в порядке законодательной инициативы депутатами Парламента, направлен на совершенствование законодательства в сфере недропользования и включает два основных блока поправок.

Первый блок поправок касается повышения инвестиционной привлекательности геологоразведки углеводородов.

Второй блок поправок касается поддержания добычи и эффективной эксплуатации истощающихся месторождений.

На сегодня стоит задача по восполнению минерально-сырьевой базы. За многие годы в Казахстане не было открытий крупных месторождений. На это повлиял низкий уровень инвестирования в геологоразведку.

В настоящее время эра легкой нефти заканчивается, а перспективные месторождения находятся в более глубоких горизонтах, разведка которых требует больших капитальных вложений.

Одной из проблем геологоразведки являются действующие административные барьеры в этой сфере, которые требуют решения. В этой связи для стимулирования геологоразведки закон предусматривает поправки по совершенствованию порядка проведения государственной экспертизы, сокращению административных издержек, оптимизации процедуры заключения контрактов.

Следующий блок поправок в законе касается поддержания добычи истощающихся месторождений. Большинство месторождений находятся на сегодня на поздних стадиях разработки, которые характеризуются значительным истощением, большой выработкой и высокой обводненностью. В этой связи законом определены критерии истощенных месторождений и установлены инвестиционные обязательства недропользователя на поддержание добычи на таком месторождении.

Данная поправка увеличивает период добычи до 25 лет с суммарным объемом добычи порядка 60 миллионов тонн до 2045 года и позволит сохранить рабочие места.

Новеллой закона является норма по обязательному долевному участию национальных компаний в размере 50 и более процентов в контрактах на недропользование по крупным месторождениям.

Хотел бы отметить, что наш комитет при рассмотрении закона о внедрении улучшенного модельного контракта в прошлом году вносил ряд предложений по совершенствованию сферы недропользования.

Данные поправки учтены в рассматриваемом законе. Так, исключены ограничения по поставке нефти на внутренний рынок и предусмотрены условия поставки, исходя из потребностей.

У недропользователей по крупным проектам на суше предусмотрены дополнительные инвестиционные обязательства без права отсрочки, в том числе обязательства по созданию и модернизации перерабатывающих производств, а также проекты, направленные на социально-экономическое развитие региона.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по концепции закона не имеют.

Уважаемые коллеги, с учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам недропользования и экологии» в первом чтении. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне бағытталады. Менде жаңағы аталған екі блок бойынша сұрақ бар.

Бірінші блок бойынша. Заңда ірі кен орындары бойынша жобаларға ұлттық компанияның міндетті үлестік қатысуын белгілеуді және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу бойынша мемлекеттің басым құқығын қолдануды кеңейту көзделеді. Осы нормаларды іске асыру отандық мұнай саласының дамуына қалай әсер етеді және тұтастай алғанда, жақын немесе орта мерзімді келешекте ірі кен орындарының ашылуы күтілуде ме?

Екінші блок бойынша. Заңда сарқылатын кен орындарында өндіруді қолдау бойынша түзетулер көзделген. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт бойынша инвестициялық міндеттемелері белгіленеді.

Бүгінгі таңда біздің елімізде қанша сарқылатын кен орындары бар және сарқылатын кен орындарында өндіруді ынталандыру нәтижесінде қандай әсер аламыз?

Осы сұрақтарға түсініктеме берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Хасенов Асхат Ғалымұлы, жауап беріңіз.

ХАСЕНОВ А.Ғ. Сұрағыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша айтсақ, Сағындық Есенғалиұлы айтып кеткендей, бізде қазір геологиялық барлауды ынталандыруға бағытталған өзгерістер бар. Өздеріңізге мәлім, шөгінді бассейндерді толығымен зерттеу жұмыстары жасалып, арнайы атлас бекітілді. Қазір бізде 15 шөгінді бассейн бар, оның бесеуі игеріліп жатыр, яғни 10 шөгінді бассейнге геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Осы шөгінді бассейндер анализінің нәтижесінде 76 миллиард тонна шартты отын түрінде біздің өзіміздің қорларымыз резерв түрінде бар деп белгіледік. Осы өзгертулердің нәтижесінде біз геологиялық қорларды 1 миллиард тоннадан кем емес өсіруді болжап отырмыз.

Екінші сұраққа келсек, сарқылған кен орындары бойынша критерийлерді айтып кетті. Бізде қазір 205 игеріліп жатқан мұнай мен газ кен орындары бар. Солардың ішінде критерийлерге 70 пайыз өндірілуі, 85 пайыз сулануы немесе өндіру коэффициенті 0,4-ке тең 20 кен орындарын көріп отырмыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителям Министерства национальной экономики и Министерства энергетики.

В законе хорошо прописана норма о критериях отнесения месторождений углеводородного сырья к категории истощенных. Это в основном высокая вязкость и обводненность. Мне кажется, что логическим продолжением данного технического мероприятия должна быть фискальная поддержка. Это придало бы дополнительный импульс развитию или возрождению данных месторождений и в целом восстановлению добычи нефти.

В связи с этим у меня вопрос. В целях стимулирования работы истощенных нефтяных месторождений и продления их жизни планируется ли введение режима альтернативного налога, предусматривающего освобождение недропользователей от уплаты специальных платежей и налогов (налог на добычу полезных ископаемых, налог на сверхприбыль, платеж по возмещению исторических затрат), что позволит обеспечить действующую занятость населения в конкретном регионе, обновить основные фонды, техническое обустройство месторождений и, соответственно, открыть новые рабочие места? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика вице-министрі Әмрин Азамат Кеменгерұлы, сіз бастаныз.

ӘМРИН А.К. Уважаемый Бекбол Тілеумұратович, спасибо за вопрос.

В рамках нового Налогового кодекса на различных уровнях мы этот вопрос сейчас обсуждаем, делаются необходимые расчеты. Действительно, чтобы внести изменения в Налоговый кодекс, необходимо сначала поменять отраслевое законодательство. Мы его сейчас принимаем, то есть даем определение, что такое истощаемые месторождения, определяем критерии и закрепляем встречные обязательства.

Второй этап – это внесение изменений в Налоговый кодекс. Основания для изменения и для фискальной поддержки сейчас есть. Мы считаем, что применение альтернативного налога повысит инвестиционный климат, у нас будет больше инвестиций в геологоразведку. Спасибо.

ТӨРАҒА. Асхат Ғалымұлы, сіз жауап беріңіз.

ХАСЕНОВ А.Ғ. Бекбол Тілеумұратұлы, Амангелді Ғабдылқарімұлының да сұрағына да бірден толықтырып жауап берейін.

Мы говорим про эффект. Мы провели расчеты, сегодня говорим, что можно до 2045 года, если поддерживать равномерную полку добычи, удлинить жизнь таких истощенных месторождений от 10 до 25 лет, что позволит сохранить рабочие места, которые на сегодня уже созданы. Мы говорим, что в абсолютном выражении порядка 60 миллионов тонн добытой нефти можно дополнительно извлечь из недр. Это тот прямой эффект.

Конечно, мы с коллегами из Министерства финансов и Министерства национальной экономики этот вопрос отрабатываем. В результате должно завершиться в виде фискальных преференций. Спасибо.

ТӨРАҒА. Наряду с какими-то фискальными вещами, видимо, нужно стимулировать компании и применять новые технологии, чтобы добывать нефть, газ на исчерпывающихся месторождениях. Практика показывает, что под этими недрами еще могут быть запасы нефти и газа. Одним из примеров является Кумкольское месторождение. Вроде бы мы его рассматриваем, как исчерпывающееся месторождение, в то же время, как показывают исследования по разработке соответствующих компаний, под Кумколем есть большие

запасы сланцевой нефти, нужно использовать новые технологии, чтобы добывать эту сланцевую нефть.

В этой связи, если со стороны государства этим компаниям будут выдаваться преференции, они должны выдаваться не для того, чтобы они держались на плаву, а чтобы привлекали новые технологии и возможности, которые есть в мире, использовали их для расширения разведывательной работы и добычи нефти и других полезных ископаемых, которые есть рядом с этими месторождениями.

Отвечать необязательно, но если есть что ответить, пожалуйста.

ХАСЕНОВ А.Ғ. В виде комментария. Сагындык Есенгалиевич уже отметил, что есть обязательное сопровождение со встречными обязательствами. В докладе это уже было озвучено, поэтому не буду повторяться. Если соблюдаются все критерии и будут предоставляться преференции, они только взамен на встречные обязательства, это поддержание полки добычи, как Вы абсолютно верно отметили, это новые технологии. Нельзя забирать дивидендами. Это прямо прописано в данном законопроекте.

ТӨРАҒА. Келесі сөз депутат Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Вопрос адресован к Министерству энергетики. Как было отмечено в докладе, в целях законодательного регулирования контроля за недрами вносится дополнение в статью 103 Кодекса «О недрах и недропользовании», регламентирующее условия предоставления национальной компании в области углеводородов права недропользования.

Данная поправка предусматривает обязательное предоставление права недропользования на основании прямых переговоров по крупным месторождениям национальной компании в области углеводородов в качестве недропользователя с долевым участием 50 и более процентов.

Вместе с тем указанная статья дополняется нормой (пункт 8), устанавливающей, что снижение размера долевого участия национальной компании в контракте на недропользование по крупным месторождениям осуществляется при условии, что национальная компания или ее дочерняя организация сохранит свой контроль за принятием решений недропользователями по контракту на недропользование.

Первый вопрос. Каким образом национальная компания при снижении размера долевого участия будет осуществлять контроль за принятием решений недропользователями, каков механизм?

Второй вопрос. Какой минимальный процент голосующих акций должна иметь национальная компания, чтобы сохранить за собой контроль?

ТӨРАҒА. Асхат Ғалымұлы, жауап беріңіз.

ХАСЕНОВ А.Ғ. Спасибо за вопросы, Сергей Михайлович.

На сегодня в действующем Кодексе «О недрах и недропользовании» эта правоприменительная практика работает, в том числе и по урановым месторождениям, там процент больше, по углеводородам.

Отвечая на Ваш второй вопрос, какой процент, скажу, что 25 и более процентов. Это регламентировано в статье 47 Кодекса «О недрах и недропользовании», что контрольный пакет – это 25 и более процентов.

Когда сегодня национальные компании приходят, как стратегические партнеры, заключают соглашение о стратегическом партнерстве по согласованию с компетентным органом, то бишь с Министерством энергетики, и соглашение о совместной деятельности. В двух этих документах как раз устанавливается этот контрольный пакет.

Необходимо отметить, что пункт 8 – это необязательная норма. Два года национальная компания не имеет права продавать приобретенное право недропользования. То есть механизм на сегодня кодексом предусмотрен и регламентирован. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сағындық Есенғалиұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Рассматриваемый закон является одним из шагов по совершенствованию сферы недропользования. В частности, закон предусматривает поправки, направленные на стимулирование геологоразведки в сфере углеводородов.

В своем Послании «Экономический курс Справедливого Казахстана» от 1 сентября текущего года Глава государства обозначил необходимость активного развития геологоразведки. Поставлена задача доведения к 2026 году площади геолого-геофизической изученности территории страны с 1,5 миллиона до 2,2 миллиона квадратных километров.

Согласно отчету по комплексному изучению осадочных бассейнов Республики Казахстан всего в Казахстане по углеводородам 15 осадочных бассейнов, из них 10 малоизученных, где практически не велась геологоразведка.

По информации Министерства энергетики, в неизученных и глубокозалегающих горизонтах сосредоточено до 40 миллиардов тонн прогнозных ресурсов углеводородов.

Следует отметить, что Казахстан в последние годы характеризуется низким государственным финансированием геологоразведочных работ. Ежегодно выделяется порядка 7,5 миллиарда тенге.

Для сравнения. Затраты на геологическое изучение 1 квадратного метра в Казахстане составляет всего лишь 8 долларов США, тогда как в Узбекистане – 98 долларов, в Великобритании – 167 долларов, в Канаде – 203 доллара.

В этой связи на фоне роста геологических рисков и снижения темпов восполнения запасов принятие мер по стимулированию геологоразведки является своевременным.

Предусмотренные законом меры позволят повысить инвестиционную привлекательность проектов в сфере разведки и добычи углеводородов. Поправки позволят



сократить административные и финансовые издержки для недропользователей без ущерба государственным интересам за счет оптимизации процедур.

Однако все нормы закона затрагивают только сферу углеводородного сырья. Считаю, что аналогичные меры по стимулированию геологоразведки необходимы и по твердым полезным ископаемым, где ситуация требует особого внимания. Правительству, в частности Министерству промышленности и строительства, необходимо ускорить данную работу и внести предложения в ближайшее время.

Құрметті әріптестер, учитывая значимость рассматриваемого закона для сферы недропользования, в целом поддерживаю данный закон. Прошу коллег поддержать.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң да Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Больгерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Представленный на рассмотрение Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Государственной корпорации «Правительство для граждан», международного технологического парка «Астана Хаб» и дактилоскопической регистрации» направлен на регулирование некоторых вопросов деятельности некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан», совершенствование законодательства Республики Казахстан в сфере оказания государственных услуг, а также регламентацию вопросов, связанных с дактилоскопической регистрацией граждан и функционированием участников международного технологического парка «Астана Хаб».

Основными положениями закона являются следующие:

отнесение отдельных категорий работников Государственной корпорации, непосредственно оказывающих государственные услуги либо имеющих доступ к

персональным данным граждан, к числу лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, в целях повышения ответственности и профилактики правонарушений со стороны данных сотрудников (норма вводится в действие с 1 января 2025 года);

изменение статуса Государственной корпорации «Правительство для граждан». Согласно вносимым поправкам Государственная корпорация более не будет являться единым провайдером в сфере организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов в части работы фронт-офисов и реализации дополнительных сервисов;

передача функций по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов субъектам предпринимательства в лице партнерских организаций путем заключения партнерских соглашений;

возможность оказания Государственной корпорацией дополнительных сервисных услуг по желанию услугополучателя за отдельную плату;

наделение Государственной корпорации компетенцией по организации приема обращений физических и юридических лиц в рамках информационной системы «e-Өтініш».

Закон Республики Казахстан «Об информатизации» содержит требование о том, что участник международного технологического парка «Астана Хаб» с 1 января 2024 года должен находиться по месту регистрации указанного парка. В связи с отсутствием достаточной инфраструктуры законом исключается данное требование по месту нахождения участника международного технологического парка «Астана Хаб».

Кроме того, одной из существенных новелл, вносимых рассматриваемым законом, являются положения о дактилоскопической регистрации. Так, главой 2 Закона Республики Казахстан от 30 декабря 2016 года «О дактилоскопической и геномной регистрации» были установлены нормы об обязательной дактилоскопической регистрации граждан Казахстана, обратившихся для получения паспорта или удостоверения личности гражданина Республики Казахстан впервые, а также в случаях его восстановления, замены гражданами Республики Казахстан, ранее не проходившими дактилоскопическую регистрацию.

Вместе с тем Законом Республики Казахстан «О дактилоскопической и геномной регистрации» действие главы 2 было приостановлено до 1 января 2024 года.

Рассматриваемым законом исключаются вышеуказанные положения и вводится добровольная дактилоскопическая регистрация для граждан Казахстана только с их согласия. Обязательная дактилоскопическая регистрация для гражданина Республики Казахстан сохраняется только в случаях получения удостоверения личности моряка.

Для иностранцев и лиц без гражданства, достигших 16-летнего возраста, вводится обязательная дактилоскопическая регистрация в случаях, установленных Законом Республики Казахстан «О дактилоскопической и геномной регистрации».

Согласно закону положения, касающиеся дактилоскопической регистрации, вводятся в действие с 1 января 2024 года.

Для иностранцев и лиц без гражданства вводится требование личного обращения в регистрирующие органы на территории Казахстана для получения индивидуального



идентификационного номера. Ранее они могли это сделать по месту фактического нахождения на основании выданной другим лицам доверенности.

В целом законом предлагается внесение изменений и дополнений в 17 законодательных актов, в том числе в 5 кодексов и 12 законов Республики Казахстан.

Закон рассмотрен на заседаниях рабочей группы, на расширенном заседании комитета.

От постоянных комитетов Сената по концепции закона замечаний и предложений не поступало.

Уважаемый Маулен Сагатханович, уважаемые коллеги! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, руководствуясь пунктом 58 Регламента Сената Парламента, рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Государственной корпорации «Правительство для граждан», международного технологического парка «Астана Хаб» и дактилоскопической регистрации» в первом чтении. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Согласно закону Государственная корпорация «Правительство для граждан» не будет являться единым провайдером в сфере организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов. Законом предлагается данную функцию передать в конкурентную среду, соответственно, ее могут оказывать субъекты предпринимательства в лице партнерских организаций путем заключения соглашений с ними. В этой связи у меня следующие вопросы.

Первый вопрос. Готов ли частный сектор к реализации данной задачи, будет ли содействовать данная новелла повышению качества оказания государственных услуг населению?

Второй вопрос. На основании каких критериев будут отбираться партнерские организации, какие условия планируется включить в типовые партнерские соглашения, которые будут разрабатываться вашим ведомством?

ТӨРАҒА. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Тұрысов Әсет Нұрланұлы, жауап беріңіз.

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сұрақтарыңызға рақмет.

На данный вопрос хотел бы ответить следующим образом. На сегодня у Государственной корпорации есть действующие партнеры, как АО «Казпочта», банки

второго уровня, разные консультативные органы, те же нотариусы. Это предполагаемые партнеры, которые в дальнейшем будут оказывать прием заявок по государственным услугам и выдачу готовых результатов.

Критерии к ним будут определяться подзаконным актом Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности. В критерии будут входить:

обязательное прохождение при оказании государственных услуг биометрической идентификации гражданина;

требование по инфраструктуре, чтобы соблюдались качественные условия. Например, если говорить про отделения АО «Казпочта», чтобы был компьютер и все необходимые сопутствующие условия, чтобы гражданин мог получить качественно те или иные услуги.

Мы считаем, что данная поправка позволит повысить качество, поднять на новый уровень за счет конкурентной среды и привлечения партнеров, точно оказывать услуги на местах гражданам, например, в отделениях АО «Казпочта» или при регистрации в каких-либо автосалонах или онлайн-системах.

Такая практика у нас имеется по взаимодействию с банками второго уровня. Это популярные приложения «Kaspi.kz», «Nalyk», где оказание государственных услуг в удобных местах для граждан показали свою эффективность.

ТӨРАҒА. Предполагается ли, что услуги партнера будут оплачиваться, кто будет оплачивать их услуги?

ТҰРЫСОВ Ә.Н. На сегодня Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности заключает договор с Государственной корпорацией, партнеры уже сегодня обращаются в Государственную корпорацию, чтобы предоставить ту или иную инфраструктуру.

Один из интересующих вопросов – это привлечение людей к ним в отделения.

Второй вопрос – полное процессное оказание услуги. Например, при регистрации авто в автосалонах, чтобы человек не ехал в специальный ЦОН, мог бы сразу точно зарегистрировать услугу. Таким образом, коммерческие услуги вместе с государственными услугами образуют весь цикл для гражданина.

В дальнейшем планируются, это предусмотрено в законе, дополнительные сервисы, то есть могут быть дополнительные заработки, но не относящиеся к основным государственным услугам.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо.

Уважаемые коллеги, хотела бы немного дополнить касательно Вашего вопроса по поводу оплаты. На сегодня у партнеров есть коммерческий, маркетинговый интерес больше в самом размещении данной услуги и возможности ее оказания на территории своей организации, то есть коммерческих интересов в части оплаты этой услуги у них нет.

Соответственно, если будет оформление авто происходит на территории салона, поток клиентов и в целом интерес для клиента закроет все расходы, которые понесет субъект предпринимательства в отношении организации рабочего места для приема и выдачи результатов государственной услуги. Расчет на это.

То, что государство будет отдельно платить, на сегодня так вопрос не стоит. В принципе, банки по этому вопросу сегодня работают. Электронные партнеры практически из своих маркетинговых интересов привлекают такие сервисы, то есть здесь взаимовыгодное сотрудничество.

Что касается качества для людей. Самое главное – доступность. Мы видим, что электронные партнеры сейчас уже интегрируются с сервисами оказания государственных услуг. Сейчас в рамках Закона «Об информационной безопасности», требований к интеграции информационных систем они свободно работают, для них мы просто описываем действующий процесс.

Что касается физических партнеров, того же АО «Казпочта». Когда ЦОН располагается не в интернете, а именно на территории, для сельской местности сейчас это будет решением вопроса, потому что отделения АО «Казпочта» могут располагаться прямо в поселке, а ЦОН – только в районном центре. Сейчас люди едут в районные центры, чтобы получить услуги.

За счет таких небольших партнерских решений мы сейчас эту инфраструктуру сделаем. Рассматривался вопрос строительства дополнительных отделений ЦОН. Здесь нет никакого смысла, потому что в глобальную физическую инфраструктуру ЦОН вкладываться бесперспективно, потому что мы все равно уходим в онлайн-режим, то есть все больше и больше услуг получают онлайн.

Касательно безопасности. Коллеги, я хочу обратить внимание, что специально в Законе «О государственных услугах» мы разделили процедуру оказания государственной услуги на две части.

Первая часть – прием заявлений и выдача готовых результатов.

Вторая часть – оказание непосредственно самой государственной услуги. Там Государственная корпорация и госорганы остаются единственными провайдерами, там не будет доступа частных организаций к этим услугам. То есть бэк-офисы останутся в руках государства, это принципиальная позиция. А сервис по приему и выдаче может быть с привлечением партнерской организации. Это вопрос безопасности.

Мы это решение долго искали, в итоге пришли к такому выводу, согласовали со всеми государственными органами, которые отвечают за качество государственных услуг. В целом возражений не имеется. Поэтому мы предложили такую схему и вынесли на ваше обсуждение.

ТӨРАҒА. Спасибо, Екатерина Васильевна.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Нухұлы Алтынбекке беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкіліне.

Сұрақ әріптесім Закиржан Пирмухамедович қойған сұрақтың жалғасы ретінде, серіктестік ұйымдардың қызметіне қатысты.

Серіктестік ұйымдарға қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі қаншалықты жиі тексеріледі?

Серіктестік ұйымдардың іс-әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағым түскен жағдайда оларға қандай жауапкершілік жүктелген?

Осыларға жауап берсеңіз.

ТӨРАҒА. Әсет Нұрланұлы, жауап беріңіз.

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Рақмет сұрағыңызға. Рұқсат етсеңіз техникалық сипаттағы сұрақтар болғандықтан орыс тілінде жауап берейін.

По требованиям к частным партнерам. Эти требования будут, как я говорил, определены в подзаконных актах. Требования будут к инфраструктуре, если это будет инфраструктурный партнер. Также требования будут прописаны в соглашении по приему и обращению именно в соответствии со стандартами государственных услуг, поскольку стандарты государственных услуг утверждаются государственными органами.

Использование биометрической идентификации в целях информационной безопасности.

Система, которую будут использовать партнеры, это система самой Государственной корпорации. В случае нарушения в соответствии с партнерскими соглашениями и требованиями, будут применяться разного рода меры, это будет прописываться в договоре, вплоть до исключения партнеров из соглашения.

Партнеры будут определяться, какие именно государственные услуги будут оказываться партнерами, будет определяться в соответствии с реестрами государственных услуг, который мы сегодня утверждаем. Получается, что завтра не все государственные услуги будут оказываться партнерами, мы будем подходить поэтапно, как в случае с онлайн-банками. Все требования по информационной безопасности либо будем усиливать, если будем видеть, что есть необходимость, либо будем идти навстречу. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Шәдетханұлына.

Занда Қазақстан азаматының паспортын немесе жеке куәлігін алғаш рет алуға өтініш білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты, сондай-ақ аталған құжаттар қалпына келтірілген немесе ауыстырылған жағдайларда міндетті дактилоскопиялық тіркеу туралы нормалар алып тасталады және аталған жағдайларда олардың келісімі бойынша ерікті тіркеу енгізіледі.

Сонымен қатар адамның жеке басын анықтау немесе растау белгілі бір қиындықтар туғызатын көптеген жағдайлар (өрттер мен ұшақ апаттары, белгісіз мәйіттердің табылуы,

адамдардың іс-түссіз жоғалып кетуі) пайда болуы мүмкін. «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңға сәйкес адамның дактилоскопиялық ақпараты жеке тұлғаны растау және анықтау үшін қолданылады.

Азаматтарға қатысты міндетті дактилоскопиялық тіркеудің жойылуына байланысты құқық қорғау органдары бұл мәселелерді қалай шешетін болады? Әлде жаңа технологиялардың дамуына орай тұлғаны сәйкестендірудің балама әдістері қолданылады ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Қожаев Марат Шәдетханұлы, жауап беріңіз.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Сұрақтарыңызға рақмет.

Өздеріңіз білесіздер, бұндай заңнаманың жобасын әзірлегенде біз әр елдің тәжірибелерін зерттедік. Әлемнің 118 елінде осындай биометриялық тіркеу тәсілдері жүргізіледі екен. Мысалы, Германияда 2003 жылдан бастап өз азаматтарының паспорттарына арнайы чипке осы биометриялық дактилоскопиялық іздер енгізілген. Түркияда 2009 жылдан бастап шетелдік паспорт алған кезде міндетті түрде саусақ іздері құжаттарына енгізіліп келеді.

ТМД елдерінің ішінде Беларусь, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде ондай міндеттемелер іске асырылып қойған.

2016 жылы осы заң қабылданған кезде саусақ іздері біздің құжаттарға міндетті түрде енгізілу керек деген талап қажет болған еді, бірақ бүгінгі күні цифрлық даму, өздеріңізге белгілі, дамуда. Қазір көп мәселелер мемлекеттік қызметтер, банк қызметтері осы биометриялық сәйкестендіруге ақырындап ауысып жатыр. Сондықтан халықты міндеттемей, халық өз еркімен өтуі керек деген Мәжіліс депутаттарының ұсынысын біз қолдадық. Ол да дұрыс шығар. Заманның өзі оған ақырындап әкеледі деп отырмыз, сондықтан біз осы ұсынысты қолдап отырмыз.

Негізі жеке тұлғаны анықтауда дактилоскопиядан басқа да бізде әдіс-тәсілдер жетіп жатыр, бізде аппараттық арнайы жүйелер бар, фотосуреттен бастап биологиялық, генетикалық және одан басқа да ақпараттық базаларымыз бар. Оның кішкене қызметтік шектеулері бар, сондықтан бұл жерде басын ашып айтудың керегі жоқ шығар деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Дактилоскопияға басқа балама әдістеріңіз бар деп отырсыз ғой? Жақсы.

Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Евгений Андреевич, присаживайтесь.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

КАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Заң жекелеген функцияларды реттеу бөлігінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының

қызметін жетілдіру арқылы халыққа мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Әріптестік ұйымдар институтын және келісімдерді енгізу мемлекеттік қызметтер көрсету тетігін, өтініштерді қабылдауды және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер нәтижелерін алуды жеңілдетеді, олардың сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Мемлекеттік корпорация белгілеген жеке ақыға қосымша сервистік қызметтер көрсетуді көздейтін норма құжаттарды рәсімдеуге және қызметтерді алуға заңды түрде көмек көрсетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің сапасы мен халыққа қолжетімділігін арттырады.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін, не азаматтардың дербес деректеріне қол жеткізе алатын мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жекелеген санаттарын мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар қатарына жатқызу қызметкерлер тарапынан жауапкершілікті арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтер тізіліміне жасырын көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді енгізу олардың сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

Жалпы заңмен қозғалатын мәселелер өзекті және қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ заңдарды практикада қолдану кезінде анықталған олқылықтардың орнын толтыру арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметі саласында туындайтын қатынастарды реттеуді қамтамасыз ететін құқықтық тетікті жетілдіруге бағытталған. Мысалы, қазіргі уақытта мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметтердің 678 түрі көрсетіледі. Олардың ішінде жылжымайтын мүлікке, заңды тұлғаларға құқықтарды тіркеу, жер кадастрын жүргізу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі қызметтер, азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі қызметтер бар. Осылайша заңды мақұлдау халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға, ал дактилоскопиялық тіркеуге қатысты нормалар Қазақстан Республикасының азаматтарына өз еркімен одан бас тартуға мүмкіндік береді.

«Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі қатысушыларының оның аумағында міндетті түрде болуы жөніндегі талаптарды алып тастау Технопарк қатысушыларының санын одан әрі ұлғайтуға және «Астана Хаб» бренді негізінде өңірлік ІТ компанияларды дамыту үшін жағдайлар жасайды.

Айтылғандарды ескере келе, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.



Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.  
Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі Нұржігітов Нұржан Молдиярұлының гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына ауызша жауабы туралы.

Қараша айында сенатор Арубаев Сәкен Қаланұлы жариялаған депутаттық сауалда осы мәселе көтерілген болатын. Жалпы Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті су ресурстарын пайдалану мәселесін әрдайым көтеріп келеді. Келер жылдың бірінші тоқсанында осы саланың проблемалары мен перспективаларын жан-жақты талқылау үшін парламенттік тыңдау да өткіземіз. Сондықтан сұрақтың маңыздылығын ескере келе депутаттық сауалдың жауабын Палата отырысында тыңдауды жөн көрдік. Осыған орай Сенат отырысына Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі Нұржігітов Нұржан Молдиярұлы, сондай-ақ мүдделі министрліктердің өкілдері арнайы шақырылды.

Құрметті әріптестер, бүгінгі мәселені қараудың келесі тәртібі ұсынылады. Алдымен сауал жасаған депутатқа сөз беріледі. Содан кейін депутаттық сауалға жауап беру үшін Су ресурстары және ирригация министріне сөз беріледі. Кейін сұрақ-жауапқа көшіп, соңында қаулы қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса сөз сауал иелерінің атынан депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында

«Еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес» деп атап өткен болатын. Бүгінде әлемдегі су тапшылығы мен трансшекаралық елдерден келетін су көлемінің азаюы климаттың өзгеруімен тығыз байланысты екенін ғалымдар да ашық айтып отыр.

Жалпы, соңғы жылдары елімізде су тапшылығы, оны үнемдеп пайдалану мәселелері күрт өскен. Ал гидротехникалық құрылыстар келген суды тиімді пайдаланудың ең негізгі құралы. Өкінішке қарай, бүгінгі күні ол нысандар өз қызметін сапалы көрсете алмай отыр, себебі барлық құрылымдардың пайдалану мерзімдері өтіп, тозығы жеткен.

Біздің депутаттық сауал осы проблемалық мәселелерге қатысты болды. Атап айтсақ:

1) Қазақстанда гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы заң қабылдау;

2) су шаруашылығының негізгі қорларының және сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайын жақсарту, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инвестициялық белсенділікті арттыру және жоспарлау-профилактикалық жұмыстары бойынша арнайы Жол картасын дайындау, сонымен қатар нысандарды нақты кешенді түрде түгендеп есепке алу, құжаттарын заңдастыру, қажетті қаржы бөлу;

3) су шаруашылығы мамандарын даярлау үшін мамандықтар тізбесін кеңейту және білім беру стандарттарын қайта қарау, су саласы мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі орталық құру бойынша нақты шаралар қабылдау сияқты мәселелер болған.

Құрметті Нұржан Молдиярұлы, осы мәселелердің барлығын ескере отырып, оны іске асыру барысында жоғарыда аталған проблемалар қалай шешімін табады?

Сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып ауыл шаруашылығын сумен жабдықтаудың тиімділігін арттыру бойынша атқарылатын жоспарлы жұмыстың барысы туралы ақпарат беруді сұраймыз.

Сауалдың толық нұсқасы жолданған.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәкен Қаланұлы.

Депутаттық сауалға жауап беру үшін сөз Су ресурстары және ирригация министрі Нұржігітов Нұржан Молдиярұлына беріледі.

НҰРЖІГІТОВ Н.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздер су шаруашылығының өзекті мәселелерін үнемі көтеріп жүрсіздер. Осы мәселелерді шешу министрліктің басты міндеті болып табылады. Соңғы үш жылда алпыстан аса сұрақты қамтыған 30 депутаттық сауал келіп түсті. Сауалдарда көтерілген мәселелерді талдап, олардың орындаудың бағыт-бағдарын айқындадық.

Олардың басым бағыты ауыз су мәселесі және гидротехникалық құрылыстарға қатысты болып отыр. Осыған байланысты атқарылып жатқан іс-шаралардың негізгі бағыттарына тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайын кейін жақсарту, инвестициялық белсенділікті арттыру, түгендеу мен есепке алуды жүргізу, қажетті қаражат бөлу жөнінде Жол картасын әзірлеуге қатысты.

Су саласындағы жинақталған мәселелерді шешу өте маңызды және оларды кешенді жүйелі түрде шешу айтарлықтай қаржыны қажет етеді. Осыған байланысты министрлік су қоймаларын салу және реконструкциялау, гидротехникалық құрылыстарды, ирригациялық жүйелер мен топтық су құбырларын қайта құру жөнінде бірқатар шұғыл шараларды көздейтін су шаруашылығын дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірледі.

Кешенді жоспар әр өңірмен, облыс әкімі аппараттарымен келісілді. Кешенді жоспарды іске асырудың болжамды құны 2 триллион теңге.

Кешенді жоспарда 2024 – 2026 жылдары мынадай көрсеткіштер көзделген:

3,5 мың шақырым суармалы каналдарды қайта жаңғырту;

3,7 текше шақырым суды қосымша жинақтау үшін 20 жаңа су қоймасын салу;

15 жұмыс істеп тұрған су қоймаларын қайта жаңғырту;

суды үнемдейтін және айналымдағы технологияларды енгізуді ынталандыру;

ирригациялық жүйелерді толыққанды жаңғырту және цифрландыру;

гидротехникалық құрылысқа көпфакторлы тексеру жүргізу.

Бүгінгі таңда 1,8 миллион гектар суармалы жерлердің су үнемдеу технологияларының тек 17 пайызы қолданылады. Бұл қазіргі кезде өте қолайсыз. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін су үнемдеу технологиясын қолдануға ынталандыру мақсатында суару жүйелерін құруға, тамшылатып және жаңбырлатып суару жабдықтарын сатып алуға арналған шығыстардың субсидия үлесін 50 пайыздан 80 пайызға дейін ұлғайту ұсынылды. Бұл 2026 жылға қарай елдің оңтүстік өңірлерінде су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы жер алаңын 42 пайызға дейін ұлғайтуға және суды 1,5 текше шақырымға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Цифрландыру бағыты бойынша министрлік «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясымен бірлесіп, су ресурстарының интерактивті геоақпараттық платформасын әзірлеп жатыр. Бұл өз кезегінде бірыңғай су кадастры бойынша су нысандарының деректері, гидротехникалық ғимараттар, су бассейндік учаскелер, гидропосттар, ғарыштық мониторинг жүргізуге электрондық форматтағы паспорттарын көруге мүмкіндік береді және су шаруашылығы субъектісінің есебі автоматтандырылады. Бұл ақпараттық жүйе 2024 жылдың қорытындысымен өндірісте пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Сонымен қатар министрлік Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында 3,5 шақырым суару жерлерін цифрландыру жөнінде жұмыстарды жүргізуде. Жобаны іске асыру суармалы жердің – 362 мың гектардың суын есепке алуды қамтамасыз етеді. Бұл жыл сайын 0,6 текше шақырым суды үнемдейді.

Құрметті депутаттар! Аталған мәселелер 8 желтоқсанда Су жөніндегі кеңесте қаралып, қолдау тапты. Айта кету керек, егер де біз жоспарланған барлық іс-шараларды толыққанды жүзеге асырсақ, біз 10 мың текше шақырымға жуық суды үнемдейміз және жинақтаймыз.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде арнайы заңның қабылдауына қатысты айтсақ, министрлік бүгінгі таңда Су кодексінің жобасын әзірлеуде. Онда саланың негізгі бағыттары, су және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған елдің су ресурстық әлеуетін сақтау шаралары қамтылған. Сонымен қатар ғылыми негіздеме, мониторинг, есеп және болжам су ресурстарын мемлекеттік басқарудың

негізгі құралдарына айналуға тиіс ғылымның рөлі күшейтіледі. Сондай-ақ жобада гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде осы саладағы қызметті реттеудің құқықтық негізін құру, гидротехникалық құрылыстарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, олардың жай-күйін тексеру, қауіпсіздіктің міндетті талаптарына сәйкестігін бағалау, заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті айқындау жөнінде ережелер көзделетін болады.

Кодекстің жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен келісілді. Тиісті рәсімдер өткеннен кейін ол белгіленген тәртіппен Парламент қарауына енгізілетін болады.

Мамандықтар тізбесін кеңейтуге мамандарды даярлау және біліктілікті арттыру орталығын құру үшін білім беру стандартын қайта қарауға қатысты айтсақ, су саласы үшін кадрларды даярлау «гидромелиорация», «гидротехникалық құрылыс және су ресурстарын басқару», «сумен жабдықтау және су бұру» және «су ресурсы және су пайдалану» білім беру бағдарламаларының топтары шеңберінде «су ресурстары және пайдалану» бакалаврлары шығарылатын тоғыз жоғары оқу орнында жүзеге асырылады.

2024 жылдан бастап Су ресурстары және ирригация министрлігі жоғарыдағы оқу орындары мен студенттердің кәсіптік практиканы тікелей ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда, өндірістерде өту мүмкіндігі мен одан әрі жұмысқа орналасуы және ынтымақтастық туралы меморандумды жасауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ «Қазсушар» мекемесінде жұмыс істеп жүрген кадрлар қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселесі қарастырылуда.

Құрметті депутаттар! Тіршіліктің көзі болып табылатын су саласындағы мәселелерді көтеріп қана қоймай, оңтайлы шешуге атсалысып жатқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Енді сұрақ-жауапқа көшейік.

Сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Нұржан Молдиярұлына.

Өкінішке қарай, соңғы отыз жылда елдің геология саласына жүргізілген көптеген реформалар мен қайта құрулардың нәтижесінде Қазақстанның гидрогеологиялық қызметі өмір сүруін тоқтатты деп айтуға болады.

Елді мекендерді шаруашылық ауызсумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын іздестіру, барлау жұмыстарын жүргізу гидрогеолог мамандары жоқ облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармаларына берілді.

Жерасты суларын барлау жұмыстарын көбінесе тиісті лицензиясы жоқ құрылыс компаниялары орындайды, нәтижесінде елді мекендерді сумен қамтамасыз етудің жерасты көздері бойынша күрделі проблемалар туындап жатыр.

Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Ұлттық гидрогеологиялық қызметті құру бойынша қандай шараларды қабылдады? Бұл қызмет жерасты су ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік саясатты шешу үшін қандай өкілеттіктерге ие болады? Рақмет.

НҰРЖІГІТОВ Н.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Жерасты суларына байланысты функциялар қазір төрт мемлекеттік орган арасында бөлінген, яғни жердің астындағы суды зерттеу және оны пайдалану жергілікті атқарушы органдарда, мониторинг жұмыстарын жүргізу Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитетінде, суармалы жерлерде гидромелиорациялық жұмыстарға мониторинг жүргізу Ауыл шаруашылығы министрлігінде, ал арнайы рұқсат беру функциясы біздің министрлікте – Су ресурстары және ирригация министрлігінде. Осының бәрін бір жерге біріктіру үшін Мемлекет басшысы өз Жолдауында Ұлттық гидрогеологиялық қызмет құру туралы біздің алдымызға мақсат қойған болатын.

Біз осы бойынша жұмыстарды бастадық. Министрлікте Жерасты сулары департаментін құрдық. Бүгінгі күні Үкімет қаулысының жобасы әзірленді, қазір тиісті мемлекеттік органдардан келісімнен өтіп жатыр. Үкімет қаулысы шыққаннан кейін біз жаңа аталған Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінен, Ауыл шаруашылығы министрлігінен және жергілікті атқарушы органдардан аталған функцияны аламыз, сөйтіп бір жерде болады. Бір жерде бәрін қалыптастырғаннан кейін жердің астындағы суды зерттеуден бастап (мониторинг) оны пайдалануға дейін бір жүйелі саясат жүргіземіз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Су ресурстары және ирригация министріне.

Елімізде су тапшылығы мәселесі жыл сайын күрделеніп келеді. Ғалымдардың пайымдауынша елімізде 2040 жылға қарай су көлемі 15 миллиард текше метрге дейін азаюы мүмкін. Күрделілігі соншама арнайы министрлік құрылды.

Жаңа Нұржан Молдиярұлы өз баяндамасында қысқаша ақпарат беріп кетті, дегенмен де мынадай сұрақ туындап отыр. Осы мәселеге байланысты орта мерзімде және жалпы ұзақ мерзімде мәселелерді жүйелі шешу үшін нақты қандай шаралар атқарылуда және жоспарлануда?

НҰРЖІГІТОВ Н.М. Сұрағыңызға рақмет.

Жалпы республика көлемінде бір жылдың ішінде 102,3 куб километр су қалыптасады, соның 54 пайызы біздің өзіміздің Қазақстан жерінде, 46 куб километр суды трансшекаралық өзендер арқылы басқа мемлекеттерден алып отырмыз.

Біздің мақсатымыз өзіміздің жерімізде қалыптасқан су көлемін міндетті түрде жинақтау. Жаңа мен өз баяндамамда айтып кеттім, 2024, 2025, 2026 жылдары жиырма су қоймасын салу үшін жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бір су қоймасы салынды, 2024 жылы тағы да Түркістан облысында бір су қоймасын салу үшін қаражат бөлінді, сегіз су қоймасының жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. Су қоймаларын салған соң біз қосымша 3,7 текше километр суды жинақтаймыз.

Екінші бағыт 3,5 мың километр. Біз жалпы 14,5 мың километр ирригациялық жүйені қалпына келтіруіміз керек, түгендеу жұмыстарын жүргізгенде соны анықтадық. Республика

бойынша 35 мың шақырымнан астам ирригациялық жүйе бар, соның 14,5 мыңнан астамын қалпына келтіруіміз керек. Бірінші кезде осы үш жылдың ішінде 3,5 мың километрді жергілікті атқарушы органдармен бірге анықтадық. Оның жобалық-металық құжаттары дайын, оны қалпына келтіру үшін 171 миллиард теңге көлемінде қаражат керек. Осы 2024 жылдың бюджетін нақтылау кезінде біз оны ұсыныс ретінде енгіземіз. Егер біз сол жұмыстарды атқарсақ, онда ол бізге қосымша 3 куб километр суды үнемдеуге мүмкіншілік береді.

Әрине, біз жаңбырлатып, тамшылатып ылғал үнемдейтін технологияларды көбірек пайдалануымыз керек. Өкінішке қарай, бүгінгі күні Қазақстанда тек қана суармалы жердің 17 пайызына ғана осындай технологиялар енгізіліп жатыр. Біздің министрліктің көзқарасы: сол технологияларды Қазақстанның оңтүстігіндегі бес облысқа көбірек енгізу. Себебі ағын судың пайдаланылып жатқан үлесін есептегенде ағын судың 95 пайыздан көбін осы бес облыс пайдаланып жатыр. Сондықтан су үнемдеу технологиясын енгізсек және оған Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып сол технологияларды орнатқан шаруа қожалықтарына субсидия төлеу үлесін 50 пайыздан 80 пайызға дейін ұлғайтсақ деген ойымыз бар. Себебі оңтүстік өңірлердегі шаруа қожалықтарының жер көлемін есептеген кезде 70 пайызы 50 гектардан аспайды. Бүгінгі күні су үнемдейтін технологиялардың бағасы, мысалы, 50 гектарға орнататын болсақ, онда 30 миллионнан жоғары болады. 50 гектар жері бар шаруашылыққа ол өте ауыр болады. Ертең несие алып, оны қайтаруға көп жыл кетеді. Біз оны есептеп көрдік. Сондықтан осындай шешім қабылдап жатырмыз.

Жаңа айтылғандай, Су жөніндегі кеңесте біз бұл туралы баяндама жасадық, қолдау тапты. Қазір Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге ережелерге өзгерістер енгізу бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

Егер біз сол жұмысты істесек, 42 пайызға дейін жеткізсек, онда біз қосымша тағы да 1,5 текше шақырым суды үнемдейді екенбіз. Осының бәрін есептегенде 2007 жылға дейін 10 мың текше шақырым суды үнемдейтін жағдайға келеді екенбіз. Әрине, үлкен жұмыс, өте көп қаражатты талап етеді. Сондықтан біз алдымызға сондай міндет қойдық, ол жұмысты жасаймыз деп отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Нұржан Молдиярұлына.

Кеше Мәжілісте болған Годунова ханымның су ресурстарын басқару тиімділігін талдау бойынша есебімен танысып шықтым және сіздің 2024 – 2030 жылдарға арналған кешенді даму жоспарын қабылдап жатқаныңызды білеміз. Соған байланысты Батыс Қазақстан облысында су мәселесі жөнінде бірнеше сұрағым бар.

Бірінші. Киров-Шежін каналының бірінші этапы аяқталды. Жайық өзенінен алынатын судың тапшы уақытында насосы қосып, су қоймаларынан су беру мәселесін өзіңіз де жақсы білесіз. Әлі күнге дейін ол балансқа алынған жоқ. Соған шығатын шығындардың 2024 жылға қаражаты қаралды ма? Қаралмаса, қашан қаралады?



Екінші. Ресей Федерациясына осыдан он жыл бұрын – 2013 жылы 900 миллион қаражат төлеген болсақ (Үлкен, Кіші өзендері мен Жәнібек су торабына), бүгінгі күні 6 миллиард 300 миллион теңге қаражат төлеп отырмыз. Осыған байланысты сұрағым бар.

Жалпақтал су қоймасы қашан салынады? Жобалық-сметалық құжаттар бар, бірақ әлі күнге дейін ол мәселе шешілген жоқ.

Үшінші. Жайықтың оң жақ жағалауындағы сіздің баланстағы су қоймалары мен каналдары белгілі. Батыс Қазақстан облысы бойынша 2 мың шақырымның үстінде каналдар бар. Соның 900 километрі жергілікті бюджетте, 1 мың 100 километрі «Қазсушар» РМК-ның балансында.

Сол жағалауындағы Ақжайық, Шалқар, Солянка, Азнабай, Тайпақ каналдарының жұмыстарына жергілікті бюджеттен 800 миллион ақша бөлінді. Енді сол жұмысты жалғастыруға республикалық бюджеттен қаражат бөліне ме? Қашан басталып, қашан аяқталады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Нұржан Молдиярұлы, жауап беріңіз.

НҰРЖІГІТОВ Н.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші сұрағыңызға байланысты айтсақ, біз 179 миллиард теңге көлемінде тапсырма жинақтадық. 2024 жылдың бюджетін бірінші нақтылаған кезде бұл мәселе шешіледі.

Екінші сұрақ – су қоймаларына байланысты айтсақ, республикалық бюджеттен қаражат бөлініп жатыр. Біз Ресей Федерациясымен келісіп, сол Сарыөзен және Қараөзен өзендеріне Волгадан насоспен су алып жатырмыз. Биылғы жылдың қорытындысы бойынша 156 миллион куб су алдық. Келісім бойынша олар бізді қамтамасыз етті.

Өткен аптада Алматы қаласында Ресей Федерациясы делегациясымен кездестік, жалпы 2023 жылдың вегетациялық қорытындысымен таныстық. Біздің тарапымыздан алынған міндеттер және Ресей тарапы алған міндеттер жүз пайыз толығымен орындалды. Біз сол жерде бір-бірімізге есеп беріп, бір-бірімізге дәлелдедік.

Су қоймасын салу мәселесіне келсек, сыйымдылығы 38 миллион куб болады. Жобалық-сметалық құжаттар қазір әзірленіп жатыр. Биылғы күзде жұмыстарды бастаймыз деген жоспарымыз бар.

Айта кету керек, жаңа мен айтқандай, 156 миллион куб су алып жатырмыз және біз 38 миллион куб су қоймасын соғамыз. Табиғи жағдай солай болып тұр. Сондықтан Ресей Федерациясынан су алуды әлі тоқтатпаймыз деген ойымыз бар. Себебі су жеткіліксіз, біз ол суды алуымыз керек.

Үшінші сұрақ бойынша айтсақ, бүгінгі күні республика бойынша бізде 3,5 мың шақырым 339 канал бар. Оны республика бойынша зерттеп, тізімге кезең-кезеңмен кіргіздік. Біз ең алдымен жергілікті атқарушы органдардың көзқарастарын тындадық, яғни қайсысы бірінші кезеңде болуы керек біз соны қойдық. Жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірледік. Жұмысты ары қарай жалғастырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.

В условиях нарастающего дефицита водных ресурсов актуальным стал вопрос их рационального использования и бережного обращения, особенно в сельском хозяйстве.

Главой государства перед Правительством поставлены конкретные задачи по ускорению внедрения передовых водосберегающих технологий, разработке мер по стимулированию притока частных инвестиций в водный сектор.

Согласно Концепции развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021 – 2030 годы ежегодный прирост внедрения водосберегающих технологий, в том числе капельное орошение, опрыскивание, не превышает 70 тысяч гектаров. В связи с этим я хотел бы задать вопросы представителю Министерства сельского хозяйства.

1. Как Министерство сельского хозяйства планирует выполнить поручение Главы государства?

2. Какие меры рассматриваются по стимулированию внедрения водосберегающих технологий в целях ускорения их применения?

3. Какие меры принимаются министерством по совершенствованию механизмов субсидирования? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бердалин Аманғали Бисенбайұлы, жауап беріңіз.

БЕРДАЛИН А.Б. Сәлеметсіздер ме, құрметті депутаттар! Талғат Тұрлыбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

В результате принимаемых мер сегодня площадь орошаемых земель, где внедрены влагосберегающие технологии, составляет, как было сказано выше, 17 процентов, или 279 тысяч гектаров.

Главой государства было дано поручение – ежегодно увеличивать площадь земель, где применяются влагосберегающие технологии, до 150 тысяч гектаров. Совместно с Министерством водных ресурсов и ирригации в этом году была составлена Концепция развития системы управления водными ресурсами Республики Казахстан, где мы учли, что необходимо в 2024 году площадь таких земель, где соблюдаются технологии влагосбережения, довести до 370 тысяч гектаров, а к 2030 году – до 1 миллиона 40 гектаров.

Как мы этого достигнем? Во-первых, в целях стимулирования хозяйств, чтобы они покупали и применяли влагосберегающие технологии, мы увеличиваем субсидии не только на покупку технологий, которые составляют 50 процентов, но и на всю инфраструктуру для подведения и подачи воды.

Кроме этого, для бурения скважин субсидии увеличатся от 50 до 80 процентов от затрат сельхозтоваропроизводителей.

В настоящее время Министерство сельского хозяйства вносит изменения в Концепцию развития АПК на 2024 – 2030 годы. Одним из новшеств является увеличение нормативов субсидирования до 80 процентов на всю приобретаемую инфраструктуру.

Второй вопрос звучал, что делается для совершенствования механизма субсидирования. 14 июля 2023 года были приняты правила субсидирования подачи воды, где поэтапно, начиная с 1 января 2024 года, если же сельхозтоваропроизводители будут применять способ полива без применения водосберегающих технологий, то субсидирование будет уменьшаться каждый год на 10 процентов. Если же применяется способ влагосберегающих технологий, то субсидирование будет увеличиваться до 85 процентов ежегодно (тоже 10 процентов).

Кроме этого, в этих же правилах указано, что с 1 января для получения субсидий обязательным будет, чтобы измерительный прибор был в точке выдела.

Кроме этого, вы знаете, чтобы высокие технологии были доступны нашим сельхозтоваропроизводителям, мы привлекаем инвестиции в поле Министерства сельского хозяйства, три инвестпроекта на 103 миллиона долларов. Будут строиться заводы по производству этого оборудования в Алматинской, Жетысуской и Атырауской областях. Все это, я думаю, даст положительный эффект и для развития сельского хозяйства, и для сельхозформирований.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақ Төтенше жағдайлар министрлігінің өкіліне бағытталады.

Биыл Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай және Түркістан облыстарында айтарлықтай су тасқыны болғаны белгілі. Жүргізілген талдауға сәйкес елді мекендердегі тұрғын үйлерді су басу себептері – өзендерде су деңгейінің артуы, қорғаныш бөгеттерінің қирауы, азаматтардың жеке учаскелерінен қардың уақытылы шығарылмауы және жол астындағы су өткізу тоннель құбырларының жеткіліксіздігі болды. Осыған байланысты мұндай табиғи апаттар мәселелерін арнайы бекітілген су тасқынына қарсы іс-шаралар шеңберінде және тиісті Жол картасын іске асыру арқылы кешенді түрде шешу қажет деп санаймын. Біз білетіндей, су тасқынына қарсы іс-шаралар жөніндегі бұрын қабылданған Жол картасы осы жылы аяқталады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлікке сұрағым бар.

2021 – 2023 жылдарға арналған су тасқынына қарсы іс-шаралар бойынша Жол картасы қалай жүзеге асырылды? Жаңа Жол картасы әзірленді ме? Қазақстанның өңірлері 2024 жылғы ықтимал су тасқынына қалай дайындалып жатыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Төтенше жағдайлар вице-министрі Нұрпейісов Ерлан Садкенұлы, жауап беріңіз.

НҰРПЕЙІСОВ Н.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сұрақтарыңызға рақмет. Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

На сегодня МЧС в рамках предупреждения чрезвычайных ситуаций весеннего периода в 2022 году были реализованы противопаводковые мероприятия на сумму 11

миллиардов 600 миллионов тенге. На ликвидацию последствий паводков было затрачено 7 миллиардов 600 миллионов тенге. Это свидетельствует о переходе с ликвидации на предупреждение чрезвычайных ситуаций.

По поводу гидротехнических сооружений. На сегодня у нас в стране имеются водохранилища, которые представляют потенциальную угрозу населению при их порыве, которые, в свою очередь, не имеют системы локального оповещения либо находятся в неисправном состоянии.

Данная система необходима для информирования граждан, которые проживают в населенных пунктах, подпадающих в расчетную зону распространения чрезвычайных ситуаций.

В соответствии с Предпринимательским кодексом наше министерство осуществляет профилактический контроль и проверки на гидротехнических сооружениях на наличие исправности локальной системы оповещения. Эти оповещения в организациях отнесены к категориям по гражданской обороне. На сегодня постановлением акиматов областей 76 этих гидротехнических сооружений отнесены к категориям по гражданской обороне.

Буквально с 2020 года с государственными инспекторами мы провели всего 40 проверок, в ходе которых было установлено отсутствие или неисправность локальных систем оповещения на 32 гидротехнических сооружениях. Этот вопрос у нас в министерстве стоит на особом контроле.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован вице-министру финансов. В своем Послании к народу Казахстана 1 сентября 2023 года Глава государства отметил необходимость внедрения водосберегающих технологий, строительства 20 новых водохранилищ и реконструкции как минимум 15 водохранилищ, модернизации и цифровизации не менее 3500 километров каналов.

В целях реализации этих задач, как отметил в своем выступлении Министр водных ресурсов и ирригации, разработана Концепция развития системы управления водными ресурсами Республики Казахстан на 2024 – 2030 годы. Следует понимать, что реализация данных мероприятий требует крупных финансовых ресурсов из республиканского и местных бюджетов, а также частного сектора.

Вопрос. Эльдар Шамильевич, у Министерства финансов как органа, осуществляющего реализационные функции в сфере исполнения бюджета, имеется ли понимание того, как будет реализовываться финансирование запланированных мероприятий?

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Қазғанбаев Эльдар Шәмілұлы, жауап беріңіз.

ҚАЗҒАНБАЕВ Э.Ш. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты, участники! Сергей Алексеевич, те задачи, которые Вы сейчас озвучили по строительству

новых и действующих водохранилищ, оцифровке каналов, ремонту гидротехнических сооружений и так далее, найдут свое отражение в плане действий по реализации концепции, о чем сегодня говорил министр.

Сразу скажу, что проект плана действий уже заходил в министерство, нами были даны кое-какие правки, в настоящий момент проект дорабатывается. В плане действий, мы надеемся, увидим все мероприятия с разбивкой по суммам, а также по источникам их финансирования. В этой связи ожидаем от Министерства водных ресурсов и ирригации повторного внесения плана действий в Министерство финансов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Оны дайындап, қарап қана қоймай, сіздерге кіргеннен кейін сіздер оларды қаржыландырудың мүмкіндіктерін қарауларыңыз керек. Ондай жоспарды қабылдап жатсақ, жоспардың аясында көптеген өзекті мәселелердің көтерілетіні түсінікті (бүгін талқыланып жатқан мәселелер бар, басқа мәселелер бар), соған байланысты келесі жылы бюджетті нақтылаған кезде (енді көктемде болатын шығар) осы жоспарды қаржыландыруға керек қаражаттарды нақтыланған бюджетке кіргізуіміз керек. Сіз оны біздің тарабымыздан бір жағынан өтініш, екінші жағынан тапсырма деп қабылдаңыз. Ары қарай біз келесі жылдың басынан қарап, пысықтаймыз. Мемлекеттік бюджеттің де мүмкіндіктері шектеулі екенін білеміз, дегенмен де су мәселесі біздің мемлекетіміз үшін, халқымыз үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан министрлікті және министрліктің бағдарламалық құжаттарын тиісті деңгейде қаржыландыруымыз керек. Сіз тек қана мүмкіндіктерін қараймыз демей, соған тиісті қаражатты қамтамасыз етуіміз керек. Келістік қой?

ҚАЗҒАНБАЕВ Э.Ш. Қабылданды.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Экология және табиғи ресурстар министрлігіне.

Жыл сайын еліміздегі су тасқыны мен вегетациялық кезеңді болжау Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМК-ның гидрометеорологиялық деректері негізінде жүзеге асырылады. Барлығымызға мәлім, олардың сәтті өтуі ауа райына байланысты, яғни елді мекендердің қауіпсіздігі, су қоймаларын толтыру, су тасқыны кезеңінде арнайы құралдар мен күштерді тасымалдауға байланысты. Вегетациялық кезеңдегі дақылдарды жоспарлау да осы болжамдар негізінде жүзеге асырылады. Бірақ бұл болжамдар әрдайым орындалмайды және дұрыс бола бермейді. Кейбір жағдайларда олар болжамды деректерге сәйкес келмейді.

Бүгінгі таңда республика бойынша гидрометеорологиялық мониторинг жүргізілетін 377 гидрологиялық бекеттер бар. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның ұсынысына сәйкес біздің еліміздің аумағында бақылау жүйесі көбірек болуы тиіс. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты гидрометеорологиялық болжамдарды жақсарту бөлігінде Экология және табиғи ресурстар министрлігі тарабынан қандай шаралар жасалып жатыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Ошурбаев Мансұр Тұрсынұлы, жауап беріңіз.

ОШУРБАЕВ М.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Дұрыс айтасыз, біз сіздің депутаттық сауалыңызға жауап бердік. «Қазгидромет» РМК-да 134 су объектісіне мониторинг жүргізіліп жатыр, 88-і өзендерде, 79-ы көлдерде.

Получается, что по 60 показателям в настоящее время прорабатывается вопрос увеличения количества мониторинга по гидротехническим сооружениям, составляется план. Если есть необходимость, мы предоставим дополнительно информацию к тому запросу, который вы направили. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос Министру водных ресурсов и ирригации. Сегодня по стране 2047 гидротехнических сооружений, у которых отсутствуют документы. Некоторые из них находятся в аварийном состоянии, другие нуждаются в ремонте. В этой связи у меня ряд вопросов.

Какую работу сегодня ведет министерство по гидротехническим сооружениям, на которые отсутствуют документы?

Переданы ли объекты в ведомство вновь созданного министерства? Каково их состояние?

Планируется ли разработка Дорожной карты для решения этих проблем?

Рассчитаны и уточнены ли бюджетные затраты на все это?

НҰРЖІГІТОВ Н.М. Спасибо за вопросы.

С момента создания министерства мы продолжили работу, которая была начата Комитетом водных ресурсов по проведению инвентаризации всех гидротехнических сооружений. Мы завершили инвентаризацию. На сегодня по республике более 13,5 тысячи гидротехнических сооружений, из них более 6,2 тысячи находятся в республиканской собственности, более 6,5 тысячи – в коммунальной собственности местных исполнительных органов, 528 – в частной собственности, 41 – бесхозные. По 41 объекту местные исполнительные органы проводят работы по принятию их в коммунальную собственность.

Что касается гидротехнических сооружений, по которым нет документации. Если по республиканской собственности мы эту работу практически завершили, если не ошибаюсь, это 15 процентов, то по коммунальной собственности вопрос стоит по 753 гидротехническим сооружениям, где действительно нет технической документации.



Местные исполнительные органы в разрезе каждого региона знают поименно, какие это гидротехнические сооружения. Вместе с местными исполнительными органами мы будем отрабатывать.

Касательно принятия на баланс в республиканскую собственность. Не стоит вопрос, чтобы министерство все гидротехнические сооружения приняло на свой баланс. Они будут и в республиканской, и в коммунальной, и в частной собственности. Вместе будем проблемы по реконструкции и ремонту решать, потому что мы говорим, что в эту отрасль должны приходиться и частные инвестиции. Поэтому частные ирригационные системы гидротехнических сооружений должны тоже быть.

По бюджету, выделены деньги или нет. Бюджет 2023 года составлял... Мы завершаем около 90 миллиардов тенге, приняли такие финансы от Министерства экологии и природных ресурсов. На 2024 год бюджет министерства утвержден на уровне 110 миллиардов тенге. Когда бюджет рассматривался в Сенате, то при вашей поддержке бюджет был увеличен.

Как я отметил, мы и дальше планируем идти на уточнение бюджета. Сейчас уже есть проект на 179 миллиардов тенге, поэтому мы будем заходить на уточнение бюджета, просить выделение денег из республиканского бюджета.

Конечно, мы не забываем о том, чтобы привлекать другие заемные средства, инвестиции. Как вы знаете, три международных финансовых института (Европейский Банк Реконструкции и Развития, Исламский Банк, Всемирный банк), мы с ними работаем, со всеми руководителями этих банков я встретился. Мы продолжим работу по освоению денег, которые они выделили еще в 2018 году. Перед собой мы поставили задачу – завершить в 2025 году. А это порядка 420 миллионов долларов США. То есть они тоже придут в водную отрасль. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сіздің айтып отырғаныңыз халықаралық ұйымдардың қаржылары, ол біздің мемлекетімізге беріліп жатқан несиелер ғой.

НҰРЖІГІТОВ Н.М. Мысалы, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі мен Ислам Даму Банкі арқылы өтетін қаражат 2035 жылға дейін тариф есебімен қайтарылады. Ал Дүниежүзілік банкі арқылы өтетін қаражат мемлекеттік заем арқылы қайтарылады.

ТӨРАҒА. Енді оның бәрін ысырап етпей дұрыстап пайдалану керек. Оның бәрі қайтарылатын қаржылар, үстінде пайыздары да болады. Сондықтан оның барлығын дұрыс қолданасыздар деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Молдиярұлына.

Бүгінде жалпы ұзындығы 36 мың километрді құрайтын каналдарымыз бар. Соның 14,5 мың километрі жөндеу жұмыстарын қажет етуде. Ал бұл каналдардың бойында 756

мың гектар егістік алқап орналасқан. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және су басу қаупін жою үшін осы апаттық нысандарды бірінші кезекте қалпына келтіру қажет деп есептеймін.

Бұл жұмыстарға үлкен қаражат керек. Мәулен Сағатханұлы, сіз дұрыс айттыңыз, министрліктің бюджетін қарасак, 2024 жылы 95,5 миллиард, 2025 жылы 80 миллиард, 2026 жылы 30 миллиард қана қарастырылып отыр екен. Сондықтан көмектесу керек деп ойлаймын.

Осы каналдарды жөндеу жұмыстары бойынша нақты Жол картасы әзірленген бе? Дайын болса, соған тоқталып өтсеңіз.

НҰРЖІГІТОВ Н.М. Біз 17 өңірмен алдымен кешенді жоспарды әзірледік. Соның бәрін жинақтап, екінші кезеңде қандай жұмыстар атқару керектігін біз сол жерде белгілеп алдық. 2024 – 2026 жылдардың ішінде сіз айтып кеткен 14,5 мың шақырым ирригациялық жүйені қалпына келтіру үшін 1 триллион қаражат қажет. Біз кезең-кезеңімен жұмыс атқару үшін бірінші кезеңге 3 мың 500 шақырымды белгілеп отырмыз. Оған қажетті қаржы болжамды есеп бойынша 538 миллиард теңге.

Енді осының бәрін есептей отырып, біз алдымызға мақсат қойып отырмыз. Министрліктің жыл сайынғы бюджетінде 250-300 миллиард қаражат болу керек. Негізі тек бюджеттің есебінен ғана емес, жаңа айтып кеткен халықаралық ұйымдардың есебінен де болу керек.

Біз 1 қаңтардан бастап ағын су бойынша жаңа тарифті бекіттік. Сол жаңа тарифке байланысты біз 100 миллиардтан астам қаражатты сол тариф есебінен тағы инвестицияға тартамыз деп отырмыз.

Бекітілген бюджетте жаңа сіз айтқан цифрлар тұр. Біз дайындық жұмыстарын жасап жатырмыз. Жобалық-сметалық құжаттардың өзінде қазір 179 миллиард теңгеге дайын. Ары қарай бұл жұмыс өз жалғасын табады. Біз жылда өз ұсыныстарымызды береміз.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Нұржан Молдиярұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, регламентке сәйкес бұл мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар. Әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында су ресурстарын үнемдеп пайдаланудың өте маңызды мәселе екенін айрықша атап өтті. Сондай-ақ оны іске асыру үшін нақты тапсырмалар да берді. Бұл ретте гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі ерекше маңызға ие. Бұл нысандар су ресурстарын басқаруға, су пайдаланушыларға суды беруге және сумен жабдықтауға тікелей қатысты. Сол себепті біз бүгін бұл мәселеге қатысты Су ресурстары және ирригация министрінің ақпаратын тыңдап, ой-пікірімізбен

бөлістік. Бүгінгі талқылау осы саладағы жұмыстарды зерделеп, олардың тиімділігін арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Халқымыз «судың да сұрауы бар» дейді. Сондықтан оны үнемдеп пайдалануға баса мән беруіміз керек. Қазірдің өзінде еліміздің кейбір аймақтарында су тапшылығы күрделі мәселеге айналып отырғаны белгілі. Сонымен қатар гидротехникалық нысандардың қауіпсіздігі мәселесіне де назар аудару қажет екенін көріп отырмыз.

Осы бағыттарға басымдық бере отырып, тиімді шараларды іске асыру аса маңызды. Сондықтан осы отырыста айтылған барлық ұсыныс мемлекеттік органдардың назарынан тыс қалмауы керек.

Нұржан Молдиярұлы, әріптестер, Сенатқа келіп депутаттық сауалға мазмұнды жауап бергендеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Алдағы уақытта да ел мүддесі үшін бірлесіп, нәтижелі жұмыс істейміз деп сенемін.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитет отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Слово предоставляется депутату Больгерту Евгению Андреевичу.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги и приглашенные! Закон рассмотрен на заседании Сената и одобрен в первом чтении.

Закон направлен на совершенствование законодательства в сферах государственных услуг и дактилоскопической регистрации и предусматривает следующие основные положения:

уточнение понятия «Государственная корпорация «Правительство для граждан»;  
отнесение работников Государственной корпорации «Правительство для граждан» к числу лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций;

введение понятия «дополнительный сервис к государственной услуге»;

введение института партнерских организаций и соглашений;

закрепление компетенции уполномоченного органа в сфере оказания государственных услуг по разработке и утверждению требований к партнерским организациям, типового партнерского соглашения, а также по отбору данных партнерских организаций;

исключение обязательной дактилоскопической регистрации для граждан Республики Казахстан.

В целом закон позволит повысить качество и доступность государственных услуг населению путем совершенствования деятельности Государственной корпорации «Правительство для граждан» в части эффективной организации работы по обслуживанию населения, повышения ответственности сотрудников Государственной корпорации.

С учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Государственной корпорации «Правительство для граждан», международного технологического парка «Астана Хаб» и дактилоскопической регистрации».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Евгений Андреевич.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеттілігі бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мақұлданған заң мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталып отыр. Сондай-ақ заң аясында «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркінің жұмысы және дактилоскопиялық тіркеу мәселелеріне қатысты түзетулер қарастырылған. Атап айтқанда, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы қызметкерлерінің жауапкершілігі күшейтіледі. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін нығайтуға жол ашады.

Сонымен қатар ел ішінде көп талқыға түскен мәселе – Қазақстан азаматтарының міндетті түрде дактилоскопиялық тіркеуден өтуі ерікті түрге ауыстырылады.

Жалпы заң халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына жолданады.

«Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» дегендей, бүгін ескі жараның орнын тырнамақшымыз. Ол – алаяқтық мәселесі. Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз да, не теледидар жаңалықтарын көремін десеңіз де «алаяқтардың құрбаны болғандар» жайлы жаңалықтардан көз сүрінеді. Заманауи технология дамыған сайын алаяқтардың алдау схемасы да қоса дамып келе жатыр. Қазір тіпті жасанды интеллект арқылы жақын адамыңның дауысын салып, ақша сұрайтындарды да көріп отырмыз.

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет» деген болатын.

Тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың алаяқтықты алдын алуға бағытталған жұмыстары да жоқ емес. Тіпті жақында әлеуметтік желіні шулатып өткен әйгілі режиссер Олжас Нұрбайдың шынайы оқиғалар негізінде түсірілген «Мошенники» атты сериалын ерекше атап өткіміз келеді. Бұл кино туындыдағы болып жатқан оқиғалар қарапайым халықтың өмірінен алынған және қазіргі заманауи алаяқтардың жұмыс тетігін жан-жақты көрсетіп, халыққа пайдалы ақпарат ұсынды деген сенімдеміз. Бұл, әрине қуантарлық жағдай. Дегенмен халқымыздың алаяқтардың құрсауына түсу қаупі әлі де басылар емес. Ал енді ресми статистика сөз берейік. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық деректеріне сүйенсек:

2021 жылы республика аумағында 40 мың 402 алаяқтық фактісі тіркеліп, одан 39 мың 671 азамат 120 мың 341 миллион теңге көлемінде зардап шеккен;

2022 жылы 42 мың 813 алаяқтық фактісі тіркеліп, одан 42 мың 621 азамат 97 миллиард 329 миллион теңге көлемінде зардап шекті;

ағымдағы жылғы он айдың өзінде 36 мың 462 алаяқтық фактісі тіркеліп, одан 37 мың 987 азамат 154 миллиард 110 миллион теңге көлемінде зардап шеккен.

Алдыңғы жылмен салыстырсақ тіркелген алаяқтық саны 15 пайызға азайған, ал зардап шеккендердің қаржылай шығыны, керісінше, 58 пайызға артып отыр. Бұл дегеніміз алаяқтар саннан гөрі «сапаға» әрекет етпекке көшкен. Нақтырақ айтқанда, «әр құрбаннан» барынша көп ақша өндірудің жолын тапқан. Дәл осындай тенденцияны біз қаржылық пирамида жайлы статистикалық деректерден де байқаған болатынбыз.

Бұдан өзге еліміздің банктеріне де бірқатар сынымыз бар. Мәселен, қазіргі таңда банктердің барлығы цифрландыру бағытында үлкен қадам жасады. Біз тұтынушылар ретінде көп мүмкіндіктерге ие болғанымыз рас, десек те алаяқтардың махинациялық операциялары бүгінгі күні сол банктердің жүйесі арқылы да өтіп жатқаны жасырын емес. Таңғалатын жайт, банктер қомақты пайда таба отырып неге өздерінің кибер қауіпсіздігін

күшейтпейді және тұтынушыларын алаяқтардан қорғай алмайды? Бұл сұрақ тек біздің емес, күллі халықтың көкейінде жүр деп білеміз.

Құрметті Ерулан Кенжебекұлы! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сізге келесі сұрақтарымыз бен ұсыныстарымыз бар.

1. Жүздеген адамның қаржысын небір құйтырқы жолдармен иеленуге басы жеткен адамның өз мүлкін өз атына жазбасы анық. Осы ретте алаяқтың өз атында мүлкі болмаса шығын кімнің есебінен өтеледі және оның алгоритмі қалай болмақ?

2. Алаяқтармен күресу жолында құзырлы органдар заманауи тәсілдер мен мемлекеттік толық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмыс нәтижесін жоғары көрсетуі қажет.

3. Еліміздегі қызмет көрсетіп жүрген банктер өзінің тұтынушыларын алаяқтардан қорғау мақсатында жүйені бір қалыпқа келтіріп, кибер қауіпсіздікті жаңа дәрежеге көтеруі қажет.

Депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Г. Шиповских, Е. Больгерт, З. Кузиев, Н. Ниязова, А. Сатвалдиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазіргі және болашақ зейнеткерлерге байланысты әлеуметтік маңызды тақырыпқа тоқталғым келеді. Бұл Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдеріне салық салуға қатысты. Атап айтқанда келесі төлем түрлері:

1) жасына байланысты және мүгедектік бойынша зейнетақы;

2) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы.

Конституцияның 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматына зейнетақының ең төменгі мөлшерінде кепілдік беріледі деп көрсетілген. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде зейнетақы қордан төлемдеріне 10 пайыз мөлшерлемесінде жеке табыс салығы көзделген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе емделу ақысын төлеу мақсатында халықтың өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану мәселесі пысықталды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ұзақ уақыт бойы еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін тұлғаларға 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнайы әлеуметтік төлем тетігін әзірледі. Оның ішінде аталған қордан міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қаржыны көздейді.



Біржолғы зейнетақы төлемдерін алу кезінде туындаған кейінге қалдырылған жеке табыс салығы сомасына түзетілуі тиіс. Осы түзетудің салдарынан зейнетақы төлемі мөлшерінің едәуір азаю қаупі бар. Ал кейбір жағдайларда оның мөлшері ең төменгі зейнетақы мөлшерінен де аз болады.

Мұның бәрі зейнетақы төлемдерін алушылар тарапынан әлеуметтік шиеленіс пен наразылықтың туындауына әкелуі мүмкін.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының деректеріне сәйкес 2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада 2,3 миллион зейнеткер бар, бұл соңғы жылдар ішіндегі ең үлкен көрсеткіш.

Соның ішінде:

жеке табыс салығы ұсталатын зейнетақы төлемдерін алушылардың шамамен саны 93 мыңнан асса;

ал жеке табыс салығын ай сайын ұстау арқылы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін алған тұлғалар саны 75 мыңға жуық адамды құрап отыр.

жеке табыс салығын ұстап қалуды жойған жағдайда қордан төленетін зейнетақы төлемдерінің болжамды ұлғаю сомасы жылына шамамен 2019 – 2023 жылдардың қорытындысы бойынша орташа алынған деректерге сәйкес зейнетақы төлемдерінің болжамы 2,3 миллиард теңге;

Екінші тәсілмен есептелген біржолғы зейнетақы төлемі бойынша зейнетақы қорының төлемдері үшін белгілеген кестеге сәйкес ай сайын тең үлестермен 16 жылдан аспайтын мерзім ішінде 2,2 миллиард теңгені құрайды. Бұл өзгеріс тек Алматы қаласының бюджетіне әсер етеді. Сонымен бірге зейнеткерлердің ай сайынғы болжамды төлемі 1 мың теңгеден 80 мың теңгеге дейін ұлғаяды деп күтілуде. Осылайша жеке тұлғаларға салық салудың әділ жүйесі, зейнеткерлерді әлеуметтік қолдауда маңызды болып табылады.

Салық салу саласындағы халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, әдетте зейнетақы табысы зейнетке шыққанға дейінгі табысқа қарағанда төмен болады, сондықтан зейнетақы табысының орташа жеке табыс салығы стандартты мөлшерлемесіне қарағанда төмен белгіленеді.

Сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 11 елінде және басқа алты ірі экономикалық елдердің жартысында зейнеткерлерге қосымша салық жеңілдіктері бар.

Көрсетілген төлемдерден осындай салық түрін ұстап қалу зейнетақы сомасын азайтады, бұл қазіргі нарықтық жағдайда айтарлықтай маңызды аспект, себебі зейнетақы қорынан түсетін төлемдер зейнеткерлер үшін негізгі табыстың бірі.

Осыған орай зейнеткерлердің әл-ауқатына оң ықпал ету мақсатында:

Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кездегі зейнетақы төлемдері және мұрагерлерге зейнетақы жинақтарын төлеуде жеке табыс салығын ұстап қалудың қолданыстағы тәртібін сақтай отырып барлық зейнетақы жинақтарын төлеу кезінде жеке табыс салығын ұстап қалудың күшін жою туралы мәселені қарау ұсынылады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Депутаттық сауалды қарау нәтижелері белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен Сенат депутаттары Б. Орынбеков, Н. Бекенов, С. Карплюк». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министр Смайыловқа жолданады.

Депутаттық сауал еліміздегі ішкі көші-қон үдерісінің тиімділігін арттыру және өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық тепе-теңдікті сақтау мақсатында әзірленді. Біз бұл мәселемен комитеттің Солтүстік Қазақстан облысына іс-сапары барысында танысып, Сенат жанындағы «Өңір» депутаттық тобының отырысында талқыладық.

Мемлекет басшысы ірі қалалардың шамадан тыс қоныстануын және сонымен бірге жаңа тұрғындарды қабылдау үшін тиісті жағдайлар жасау қажеттігін айтып Үкіметке тапсырма берген.

Бытыр 2023 – 2027 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасы бекітілді.

Қазақстанда осы уақытқа дейін халықтың ішкі көші-қоны қатынасы әртүрлі бағдарламалардың бір бөлігі ретінде қаралып, қағидамен, ережелермен реттеліп келеді. Ішкі көші-қонды дамыту және ел аумағы бойынша халықтың біркелкі қоныстану мәселелеріне бағытталған жеке бағдарлама жоқ.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы урбанизация деңгейі 62 пайызды құрады. Бұл көрсеткішке 2025 жылға қарай ғана жету көзделген еді.

Ұлттық статистикалық бюроның мәліметі бойынша қала халқының үлесі 62 пайыз, ауыл халқының үлесі 38 пайыз. Соңғы бес жылда қала халқы 17 пайызға өсті, ауыл халқы 2,3 пайызға азайды.

Қала халқы көп жағдайда табиғи процестермен емес, депрессивті ауылдардың есебінен өсуде. Барлық қала мен қалаға жақын орналасқан аудандар үшін үлкен мәселе – тіркелген және нақты тұратын тұрғындар санының сәйкес келмеуі. Мәселен, тұрғындар қалада тіркелгенімен, бірақ іс жүзінде қала маңында тұрады.

Көптеген әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелерді қаржыландыру ең алдымен халықтың нақты есебінен қалыптасатыны белгілі. Мектептер, емханалар немесе орталықтандырылған жылумен, сумен жабдықтауға қосылуға қаражат сұрату үшін экономикалық негіздеме және халықтың нақты саны қажет. Осыған байланысты Ұлттық статистика бюросы нақты тұрғылықты жері бойынша халықтың ағымдағы санын есепке алу әдістемесіне көшуді қарқынды жүргізу керек. Бұл әсіресе қалаларда халықтың нақты санын айқындауға мүмкіндік береді.

Ішкі көші-қондағы тағы бір мәселе – еліміздің жұмыс күші тапшы солтүстік және шығыс өңірлеріне қоныс аудару процестері.

Осы жылдың екінші жартыжылдығынан бастап экономикалық ұтқырлық сертификатын ұсынудың жаңа тетігі – қоныс аударушыларға тұрғын үй құнының 50 пайыз (4 миллион теңге) мөлшерінде қаржылық көмек іске қосылды.

Экономикалық ұтқырлық сертификатын қандастар мен қоныс аударушылар тұрғын үй сатып алуға немесе тұрғызуға бастапқы жарна ретінде пайдаланады. Алайда тұрғын үй

алуға қаржылық көмек беретін осы сертификат қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты бірқатар өңірлерде көшіп келушілерге түгел берілмей отыр.

Тиімді көші-қон саясатын қалыптастыру үшін келесілерді реттеу қажет:

1) елдің солтүстік өңірлеріне қоныс аударушылар үшін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін мемлекет меншігіндегі пайдаланылмайтын жер учаскелерін беру үшін Жер кодексіне түзетулер енгізу туралы мәселені қарастыру;

2) елдің солтүстік өңірлеріне қоныс аударушылардың несиелеріне 12 ай аралығына дейін кредиттік каникулдар беру;

3) ел ішінде жұмыс күші тапшылығы бар өңірлерге азаматтарды қоныс аударуды ынталандыру мақсатында тиісті бейімдеу мен интеграциялау орталықтарын құру;

4) экономикалық ұтқырлық сертификатының мөлшерін қала мен елді мекендегі тұрғын үйлердің нарықтағы баға айырмашылын ескере отырып белгілеу, себебі солтүстік өңірлерде, мәселен, Петропавл қаласында екі бөлмелі пәтердің нарықтағы орташа бағасы 12 миллион теңгеден жоғары. Сондай-ақ сертификаттарды беру мерзімін қоныс аударушылар квотасына енгізілген сәттен бастап он екі айға дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру;

5) шекара маңындағы халық саны аз аумақтарда жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды қолдану мүмкіндігін қарастыру;

6) шекара маңы өңірлерінде еңбек өтілін есептеу коэффициентін жоғарылатуды енгізу мәселесін зерделеу. Бұл еңбекке қабілетті азаматтардың қосымша ағынын тартады;

7) солтүстік өңірлерде жылыту маусымы тоғыз айға созылатындықтан қоныс аударушыларға отын мен көмір сатып алуға жылына бір рет республикалық бюджеттен 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлемді қарастыру;

8) өңірлерде жалға берілетін және коммуналдық тұрғын үй қорының үйлерін келешегі жоқ деп танылған ауылдардың тұрғындарына, сондай-ақ кезекте тұрған азаматтарға беру туралы қағидаларға өзгерістер енгізу.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Депутаттық сауалдың толық мәтіні ресми түрде жолданады және заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 21 желтоқсан**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам недропользования и экологии», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Е. ЛУҚПАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ЛУКПАНОВА С.Е. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. .... 2

ХАСЕНОВ А.Ғ. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетики Республики Казахстан ..... 3

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. .... 3

ӘМРИН А.К. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, вице-министр национальной экономики Республики Казахстан ..... 4

ХАСЕНОВ А.Ғ. .... 4

ЕРШОВ С.М. .... 5

ХАСЕНОВ А.Ғ. .... 5

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. .... 6

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Государственной корпорации «Правительство для граждан», международного технологического парка «Астана Хаб» и дактилоскопической регистрации», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Е.А. БОЛЬГЕРТТІҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БОЛЬГЕРТА Е.А. .... 7

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

КУЗИЕВ З.П. ....	9
ТҰРЫСОВ Ә.Н. – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан .....	9
СМЫШЛЯЕВА Е.В. – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, депутат Мажиліса Парламента Республики Казахстан .....	10
НУХҰЛЫ А. ....	11
ТҰРЫСОВ Ә.Н. ....	12
НӘУТИЕВ Ә.И. ....	12
ҚОЖАЕВ М.Ш. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, первый заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан .....	13
КАДЫРБЕК М.Б. ....	13
БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. ....	15

**Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрінің гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына ауызша жауабы туралы**

Об устном ответе Министра водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан на депутатский запрос группы депутатов Сената Парламента Республики Казахстан о состоянии гидротехнических сооружений

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

АРУБАЕВ С.Қ. ....	15
-------------------	----

**Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі Н.М. НҰРЖИГІТОВТІҢ баяндамасы**

Доклад Министра водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан  
НУРЖИГИТОВА Н.М. .... 16

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ШАЙДАРОВ С.Ж. ....	18
ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. ....	19
ӨТЕҒҰЛОВ А.К. ....	20
ЖҮНІСОВ Т.Т. ....	22
БЕРДАЛИН А.Б. – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі, вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан.....	22
ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. ....	23
НҰРПЕЙІСОВ Н.С. – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі, вице-министр по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан.....	23

КАРПЛЮК С.А. ....	24
ҚАЗҒАНБАЕВ Э.Ш. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан .....	24
ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. ....	25
ОШУРБАЕВ М.Т. – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.....	26
ӘЙТКЕНОВ Е.Н. ....	26
ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. ....	27

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Государственной корпорации «Правительство для граждан», международного технологического парка «Астана Хаб» и дактилоскопической регистрации» (первое чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Е.А. БОЛЬГЕРТТІҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БОЛЬГЕРТА Е.А. .... 29

**Депутат Г.Г. ШИПОВСКИХДІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. Жамаубаевқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ШИПОВСКИХ Г.Г. к заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву Е.К. .... 31

**Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 32

**Депутат А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КАПБАРОВОЙ А.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 34

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
камтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің  
басшысы



Г. Молдашева